

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2002 жылғы 1 тамыздағы N 174-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1937. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 5 тамыздағы N 210-ө Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 5 тамыздағы N 210-ө Бұйрығынан үзінді:

Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабына және "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 750 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен келісілген " Мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді іске асыру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 174-ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1937 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 34, 675-құжат);

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 наурыздағы Заңының 1-бабын және "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы N 1668 қаулысын іске асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырған Мүгедектікті куәландырудың, оның себептерін, топтарын және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін анықтаудың ережесі б е к і т і л с і н .

2. Әлеуметтік қамсыздандыру және бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру департаменті директорының міндетін атқарушы (Баймұханов

М.Х.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы департаменттеріне жеткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Х.М.Өтеулинаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 28 маусымнан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министрдің міндетін атқарушы

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы

2002 ж. 2 тамыз

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау Министрі міндетін атқарушының
2002 жылғы 1 тамыздағы N 174-ө
бұйрығымен бекітілген

**Мүгедектікті куәландырудың, оның себептерін,
топтарын және еңбекке қабілетін жоғалту
дәрежесін анықтаудың
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мүгедектікті куәландырудың, оның себептерін, топтарын және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін анықтаудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы N 1668 қаулысына, "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мүгедектікті куәландырудың, себептерін, топтарын және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін анықтаудың тәртібін реттейді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен.

2. Мүгедектік топтарын, "мүгедек бала" санатын, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеуді, олардың себептерін, мерзімдерін, басталу уақытын, қосымша көмек түрлеріне, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етілуге мұқтаждығын айқындауды, сондай-ақ мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеуді халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімше) медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі - МӘС) жүргізу жолымен жүзеге асырады.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

медициналық-әлеуметтік сараптама - куәландырылатын адамның оңалтуды қоса алғанда ағзаның тұрақты бұзылуынан туындаған тіршілік әрекетінің шектелуін бағалау негізінде әлеуметтік қорғау шараларына мұқтаждығын белгіленген тәртіппен анықтау.

Медициналық-әлеуметтік сараптама куәландырылатын адамның клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіптік және психологиялық деректерін осы Ережеде әзірленген жіктемелер мен өлшемдерді пайдалана отырып талдау негізінде оның ағзасының жай-күйін кешенді бағалауға сүйене отырып жүзеге асырылады;

куәландыру - медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу, оның басты мақсаты адам ағзасы функцияларының бұзылуынан тіршілік әрекетінің шектелуін, денсаулығының өзгеруін клиникалық-функционалдық және еңбек етуге қабілетін болжай отырып, сондай-ақ оңалту және әлеуметтік қорғау шараларын анықтай отырып бағалау болып табылады;

тіршілік әрекетінің шектелуі - адамның өзіне өзі қызмет етуін, өз бетімен жүріп-тұруын, бағдар алуын, қарым-қатынас жасауын, өзінің мінез-құлқын бақылауын жүзеге асыру, оқу және/немесе еңбек қызметімен айналысу мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтуы;

мүгедек - дене немесе ақыл-ой кемістігінің болуы салдарынан тіршілік әрекетінің шектелуіне байланысты әлеуметтік көмек пен қорғауды қажет ететін адам;

мүгедек бала - дене немесе ақыл-ой кемістігі болуы салдарынан тіршілік әрекетінің шектелуіне байланысты әлеуметтік көмекке және қорғауға мұқтаж 16 жасқа дейінгі бала;

мүгедектерді оңалту - ағза функциясының тұрақты бұзылуынан тіршілік әрекетінің шектелуін жоюға немесе олардың орнын барынша толығырақ толтыруға бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар жүйесі;

мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі - ОЖБ) - оңалту шараларының нақты көлемін, түрлерін және мерзімдерін, сондай-ақ тиісті меншік нысандары мен шаруашылық жүргізу тәсілдеріне қарамастан мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар атқаруға міндетті болып табылатын әлеуметтік көмектің түрлерін айқындайтын құжат;

біліктілік - қызметкердің кәсіптік даярлығының дәрежесі, онда белгілі бір дәрежедегі күрделі жұмысты орындауға қажетті білімінің, машықтары мен дағдыларының болуы;

ағза функцияларының бұзылуы - ағза функцияларында немесе құрылымдарында пайда болатын, нормадан әжептәуір ауытқу деп қаралатын проблемалар;

қуәландырылатын адам - оған қатысты оңалту және әлеуметтік қорғау шаралары белгілене отырып, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізілетін адам;

жалпы еңбек ету қабілеті - адамның кез келген (біліктілікті қажет етпейтін) жұмысты орындау, қызметтер көрсету қабілеті;

кәсіптік еңбек ету қабілеті - адамның нақты жағдайларда белгілі бір біліктілік деңгейдегі, көлемдегі және сападағы жұмысты орындау қабілеті;

кәсіп - арнайы даярлық пен жұмыс тәжірибесі нәтижесінде ие болған арнайы теориялық білімдер мен практикалық дағдылар кешенін меңгерген адамның еңбек қызметінің (кәсібінің) бағыты;

зардап шегуші - өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін атқарумен байланысты жарақат немесе өзге де денсаулық зақымдарын алған адам;

оңалту әлеуеті - ағзаның бұзылған функцияларының және мүгедектің қабілетін іс жүзінде қалпына келтірудің медициналық, психологиялық және әлеуметтік факторларды талдау негізіндегі мүмкіндіктерінің көрсеткіші;

оңалту болжамы - оңалту әлеуетінің іске асырылуының болжамды мүмкіндігі және мүгедектің қоғамға кірігуінің мүмкін деңгейі;

(жалпы) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі - адамның жоғалтқан еңбек ету қабілетіне пайыздық қатынаспен көрсетілген еңбек қызметін (кез келген біліктілікті қажет етпейтін қызметті) атқару қабілетінен ауытқу шамасы;

кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі - адамның нақты өндірістік жағдайларда белгілі бір біліктілік деңгейдегі, көлемдегі және сападағы жұмысты орындау қабілетінен ауытқу шамасы;

ағза функциялары - ағза жүйелерінің физиологиялық (оның ішінде психикалықты қоса) функциялары.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

2. Аумақтық бөлімшенің мүгедектікті куәландыру, оның себептерін, топтарын және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін анықтау жөніндегі негізгі міндеттері мен функциялары

4. Негізгі міндеттері:

1) азаматтарға мүгедектік тобын, оның себептерін, мүгедектіктің басталған уақытын, еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін белгілеу, 16 жасқа дейінгі балаларға мүгедектік белгілеу;

2) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасын айқындау, әлеуметтік көмекті, медициналық-әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыратын ұйымдарда оңалту іс-шараларын жүзеге асыруға жәрдемдесу және осы іс-шаралардың орындалуын, олардың тиімділігін бақылау;

3) мүгедектіктің алдын алу медициналық-әлеуметтік сараптама, мүгедектерді оңалту және әлеуметтік қорғау саласында кешенді бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

4) аумақтық бөлімшеде куәландырылған мүгедектердің мемлекеттік статистикалық есебін жүргізу үшін деректер қалыптастыру, мүгедектік жай-күйін, динамикасын және себептерін талдау.

5. Негізгі функциялары:

1) мүгедектік себептерін, топтарын белгілеу, 16 жасқа дейінгі балалардың мүгедектігін ағзаның бұзылған қызметі дәрежесінің және тіршілік ету әрекетінің, еңбекке қабілетінің шектелуі негізінде белгілеу;

2) еңбек міндеттерін атқарумен байланысты жарақат алған, кәсіби ауруға шалдыққан, не денсаулығына өзге де зақым келген адамдардың кәсіби еңбекке қабілетін жоғалту деңгейін және әлеуметтік қорғаудың қосымша шараларын жүзеге асырудың қажеттігін анықтау;

3) жұмыс берушінің қаражаты есебінен санаторий-курорттық емделуге, қосымша тамақтануға, күтімге, соның ішінде арнайы медициналық күтімге, дәрі-дәрмектерді сатып алуға, науқас адамға күтім жасау заттарына протез жасатуға, жүріп-тұру құралдарына және басқа да көмек түрлеріне мұқтаж екендігі туралы зардап шегушілерге қорытындылар беру;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, қайтыс болған адамның отбасына әлеуметтік төлемдер жүргізу үшін қайтыс болған адамның өлімінің жарақат алуымен, кәсіби ауруға шалдығуымен және басқа да жағдайлармен себепті байланысын анықтау;

5) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларын қалыптастыру және түзету, медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалту жөніндегі іс-шаралардың түрлерін, нысандарын, мерзімдерін және көлемін белгілеу, оңалту іс-шараларының орындалуына мерзімдік бақылау, динамикалық қадағалау жүргізу, осы іс-шаралардың тиімділігін анықтау;

6) уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімін қалпына келтіріп емдеу кезеңіне
ұ з а р т у ;

7) әскери міндеттілер мен әскерге шақырылатын жастағы адамдарды мүгедек деп танудың барлық жағдайлары туралы әскери комиссариаттарға мәліметтер
ұ с ы н у ;

8) денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігерлеріне медициналық-әлеуметтік сараптама және мүгедектерді оңалту жөніндегі түрлі мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсету, олардың біліктілігін арттыру жөнінде іс-шаралар өткізуге қатысу;

9) медициналық-әлеуметтік сараптаманың осы заманғы, ғылыми қағидаттары мен тәсілдерін жұмыс практикасына енгізу, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама жөніндегі озық тәжірибені тарату және әдістемелік оқулықтар әзірлеу.

3. Куәландыру тәртібі

Ескерту: 3-бөлімнің атауы өзгертіліп, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

6. Ағза қызметтері тұрақты бұзылған, тіршілік әрекетінің шектелуіне әкеп соғатын, ағза функцияларының тұрақты бұзылуы бар, оның ішінде аурудың, жарақаттың немесе кемістік салдарынан еңбек ету қабілеті шектелген адамдар, оның ішінде 16 жасқа дейінгі балалар МӘС жіберілуі тиіс.

7. Денсаулық сақтау мекемесі айғақтамалар болған кезде адамдарды, оның ішінде 16 жасқа дейінгі балаларды қажетті диагностикалық, емдеу және оңалту шаралары жүргізілгеннен кейін, 4 айдан кешіктірмей медициналық-әлеуметтік сараптамаға жібереді.

8. Медициналық зерттеудің сапасы, адамдарды медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберудің уақытылылығы мен негізділігі үшін жауапкершілік тиісті денсаулық сақтау ұйымының басшысына жүктеледі.

9. МӘС-ға жолдама тиісінше емес, сапасыз рәсімделген кезде аумақтық бөлімше оны денсаулық сақтау мекемесіне пысықтауға қайтарады.

10. Адамға медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тұрғылықты тұратын жеріндегі тиісті денсаулық сақтау мекемесінің жолдамасы бойынша куәландырылатын адам мынадай құжаттарын:

1) рәсімдеу күнінен бастап 1 айдан кешіктірмей медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдаманы (088у нысаны);

2) жеке басының куәлігін;

3) тұратын жері туралы мәліметтерді;

4) емханалық картаны;

5) еңбек қызметі туралы мәліметтерді ұсынғанда жүргізіледі.

Куәландырылатын адам қажет болған жағдайда мынадай құжаттарды ұсынады :

еңбекке жарамсыздық парағы;

еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиға немесе адам денсаулығының өзге де зақымдануы туралы Н-1 нысанындағы акті (бұдан әрі - Н-1 нысанындағы акті);

уәкілетті органның аурудың, жарақаттың немесе мертігудің (жараланудың, контузияның) себебі туралы қорытындысы;

Ұлттық еңбек гигиенасы мен кәсіптік аурулар орталығының немесе кәсіптік аурулар клиникасының мерзімі 2 жылдан аспаған қорытындысы;

куәландырылатын адамның міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу фактісін растайтын құжат;

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы

11. Егер адам денсаулық жағдайына байланысты МӘС-ға келе алмаса, онда оны куәландыру дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде үйде, стационарда жүргізіледі немесе оның келісімімен немесе ата-анасының, заңды өкілінің, оның ішінде 16 жасқа дейінгі баланың қамқоршысының, қорғаншысының келісімімен ерекше жағдайларда ғана ұсынылған құжаттар негізінде сырттай жүргізіледі.

12. МӘС ұсынылған құжаттарды (клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіптік және өзге де деректерді) қарау, куәландырылатын адамды тексеру, ағза функцияларының бұзылуы және тіршілік әрекетінің, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектелуі дәрежесін бағалау жолымен аумақтық бөлімше бастығының және кемінде 2 бас маманның қатысуымен алқалы түрде жүргізіледі.

13. Аумақтық бөлімшелер сараптама қорытындысын медициналық айғақтамалар, негізгі ағза функциялары бұзылушылықтарының және тіршілік әрекетінің шектелуінің жіктемесі негізінде денсаулық жағдайының және тіршілік әрекетінің, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектелуі дәрежесінің кешенді бағаламасына қарай шығарады (1-2 қосымшалар).

14. Ағза функцияларының бұзылуы және тіршілік әрекетінің, сондай-ақ еңбек ету қабілетінің шектелуі дәрежесіне қарай, мүгедек деп танылған адамға бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектік, ал 16 жасқа дейінгі балаға "мүгедек бала" санаты белгіленеді. Еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі пайызбен белгіленеді.

15. Зардап шегушілердің қосымша көмек түрлеріне және арнайы жүріп-тұру құралдарына мұқтаждығы денсаулық сақтау ұйымының дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы негізінде айқындалады.

16. Аумақтық бөлімшелер мүгедектіктің мынадай себептерін айқындайды:

- 1) ж а л п ы а у р у ;
- 2) е ң б е к ж а р а қ а т ы ;
- 3) к ә с і б и а у р у ;
- 4) б а л а к е з і н е н м ү г е д е к ;

5) әскери іс-қимылдарға қатысуына байланысты, әскери қызметін өткеру кезінде, әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде алған, әскери қызмет міндеттерін атқарумен байланысты емес жазатайым оқиға нәтижесінде жаралану, контузия алу, жарақаттану, мертігу, ауру, егер уәкілетті орган олардың себеп-салдарын анықтаған жағдайда;

б) төтенше экологиялық жағдайлар, соның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтарды өткізу кезінде радиация әсеріне шалдығу нәтижесінде және/немесе олардың салдарынан алған жарақат, ауру, уәкілетті орган олардың себеп-салдарын анықтаған жағдайда.

17. Мүгедектік және кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі: 6 айға, 1, 2 жыл мерзімге немесе қайта куәландыру мерзімінсіз болып белгіленеді.

Жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі: 6 айға, 1, 2 жылға немесе міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушысы жасы бойынша зейнетақы алуға құқық беретін жасқа толғанға дейін белгіленеді.

16 жасқа дейінгі балаларға "мүгедек бала" санаты бойынша мүгедектік: 6 айға, 1, 2, 5 жыл мерзімге және 16 жасқа толғанға дейін белгіленеді.

Мүгедектік мерзімі мен еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі оңалту әлеуетіне сәйкес жеке белгіленеді.

18. Қайта куәландыру мерзімінсіз мүгедектік:

- 1) қалпына келтірілмейтін анатомиялық (6-қосымша);
- 2) аумақтық бөлімшелер ағза функцияларында тұрақты, қалпына келтірілмейтін өзгерістер мен бұзылушылықтар болған кезде, жүргізілген оңалту іс-шаралары тиімсіз болғанда аумақтық бөлімшелер бірінші топтағы мүгедекті - кемінде 4 жыл, екінші топтағы мүгедекті - кемінде 6 жыл бақылағаннан кейін, зейнеткерлік жасындағы адамдарға - оңалту болжамы жағымсыз болған кезде белгіленеді.

19. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының жасы бойынша зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа толғанға дейін жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі:

1) қалпына келтірілмейтін анатомиялық кемістіктері бар адамдарға (6-қосымша) ;

2) ағза функцияларында тұрақты, қалпына келтірілмейтін өзгерістер мен бұзылушылықтары бар, жүргізілген оңалту іс-шаралары тиімсіз болғанда аумақтық бөлімшелер жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 80-нен 100

пайызға дейінгі адамдарды кемінде 4 жыл, жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 30-дан 80 пайызға дейінгі адамдарды кемінде 6 жыл бақылағаннан кейін белгіленеді.

20. Қайта куәландыру мерзімі көрсетілместен кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі:

1) қалпына келтірілмейтін анатомиялық кемістіктері бар адамдарға (6-қосымша);

2) ағза функцияларында тұрақты, қалпына келтірілмейтін өзгерістер мен бұзылушылықтары бар, жүргізілген оңалту іс-шаралары тиімсіз болғанда аумақтық бөлімшелер жалпы кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 80-нен 100 пайызға дейінгі адамдарды кемінде 4 жыл, ал кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 5-тен 80 пайызға дейінгі адамдарды кемінде 6 жыл бақылағаннан кейін белгіленеді.

21. Аумақтық бөлімшенің сараптама қорытындысы куәландырылатын адамның қажетті құжаттары түскен күннен бастап 15 күннен кешіктірілмей шығарылады.

Сараптама қорытындысының деректері аумақтық бөлімшенің бастығы, бас мамандары қол қоятын МӘС актісіне және хаттамалар журналына енгізіледі және мөртаңбамен расталады.

21-1. Адам мүгедек болып танылған жағдайда аумақтық бөлімше куәландыру күнінен бастап 15 күн ішінде оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлейді.

21-2. Мүгедектікті, еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесін анықтау күні болып адамды куәландыруға қажетті құжаттардың аумақтық бөлімшеге келіп түскен күні есептеледі.

Мүгедектік тобы және оны анықтау күні еңбекке жарамсыздық парағында немесе еңбекке жарамсыздық парағы берілмейтін жағдайда уақытша еңбекке жарамсыздықты куәландыратын анықтамада көрсетіледі.

21-3. Сараптама қорытындысын шығару қиын болған күрделі жағдайларда куәландырылатын адам және/немесе оның құжаттары куәландыру немесе консультациялық көмек көрсету үшін құжаттар берілген күннен кейін 3 күннің ішінде аумақтық органға жіберіледі.

21-4. Мүгедектік және еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі анықталғанда:

- 1) мүгедектік туралы анықтама;
- 2) "Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан" көшірме;
- 3) еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі туралы анықтама;
- 4) медициналық айғақтамалар болғанда қосымша көмек түрлері туралы анықтама;
- 5) медициналық айғақтамалар болғанда арнаулы жүріп-тұру құралдарына мұқтаждығы туралы анықтама.

21-5. Мүгедектік туралы, еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі туралы анықтамадан көшірме үзінділер мен өзге де құжаттар сараптама қорытындысы шығарылған күннен бастап 3 күндік мерзімде әлеуметтік және басқа да төлемдерді тағайындайтын және төлейтін, оңалту шараларын жүзеге асыратын органдарға жіберіледі.

21-6. Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізген кезде сараптық, құқықтық және басқа да мәселелерді шешу үшін оларға әкімшілік шығыстарда көзделген қаражат есебінен ақы төленетін консультанттар (педиатр, психолог, заң қызметкері және басқа мамандар), сондай-ақ қажет болғанда жұмыс берушінің, сақтандыру компанияларының және өзге де ұйымдардың өкілдері тартылуы мүмкін.

21-7. Азаматтардың, мүгедектердің, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен материалдық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады.

3-1. Мүгедектік топтарын анықтау критерийлері

Ескерту: 3-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

21-8. Адамды мүгедек деп тану үшін:

1) денсаулықтың ағза функцияларының тұрақты ауытқуы бар бұзылуы;
2) тіршілік әрекетінің шектелуі (адамның өзі-өзіне қызмет көрсету, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлану, қарым-қатынас құру, мінез-құлқын бақылау, оқу немесе еңбек қызметін жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтуы) ;

3) әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру қажеттігі негіз болып табылады .

Ағзадағы жас мөлшеріне қарай пайда болатын өзгерістер мүгедектік тобын анықтауға негіз болмайды.

21-9. Тіршілік әрекетінің төмендегі санаттары бірінің айқын білінетін шектелуіне немесе олардың ұштасуына әкеп соқтыратын аурудан, жарақаттар немесе кемістіктер салдарынан болатын ағза функцияларының тұрақты білініп немесе кенеттен бұзылуы бірінші топтағы мүгедектікті белгілеу үшін критерий болады :

үшінші дәрежедегі өзіне өзі қызмет көрсету қабілеті;
үшінші дәрежедегі жүріп-тұру қабілеті;
үшінші дәрежедегі айналасын бағдарлау қабілеті;
үшінші дәрежедегі қарым-қатынас жасау қабілеті;
үшінші дәрежедегі өзінің мінез-құлқын бақылау қабілеті.

21-10. Тіршілік ету әрекетінің төмендегі санаттарының бірінің білінетін шектелуіне немесе олардың ұштасуына әкеп соқтыратын аурудан, жарақаттар немесе кемшіндіктер салдарынан болатын ағза функцияларының тұрақты білініп бұзылуы екінші топтағы мүгедектікті белгілеу үшін критерий болып табылады:

екінші дәрежедегі өзіне өзі қызмет көрсету қабілеті;
екінші дәрежедегі жүріп-тұру қабілеті;
екінші, үшінші дәрежедегі еңбек қызметіне (еңбек етуге қабілеті);
екінші, үшінші дәрежедегі оқуға қабілеті;
екінші дәрежедегі айналасын бағдарлау қабілеті;
екінші дәрежедегі қарым-қатынас жасау қабілеті;
екінші дәрежедегі өзінің мінез-құлқын бақылау қабілеті.

21-11. Тіршілік ету әрекетінің төмендегі санаттарының бірінің шамалы білінетін шектелуіне немесе олардың ұштасуына әкеп соқтыратын аурудан, жарақаттар немесе кемістіктер салдарынан болатын ағза функцияларының шамалы бұзылуы үшінші топтағы мүгедектікті белгілеу үшін критерий болып табылады:

бірінші дәрежедегі өзіне өзі қызмет көрсету қабілеті;
бірінші дәрежедегі жүріп-тұру қабілеті;
бірінші дәрежедегі еңбек қызметіне (еңбек етуге қабілеті);
бірінші дәрежедегі оқуға қабілеті;
бірінші дәрежедегі айналасын бағдарлау қабілеті;
бірінші дәрежедегі қарым-қатынас жасау қабілеті;
бірінші дәрежедегі өзінің мінез-құлқын бақылау қабілеті.

3-2. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының жалпы еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесін анықтау критерийлері

Ескерту: 3-2-бөліммен толықтырылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

21-12. Жалпы еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі (бұдан әрі - ЖЕКЖ) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына еңбек ету қабілетін жоғалтуына әкеп соққан оқиға (әлеуметтік қатер) орын алғанда анықталады.

21-13. Жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайы орын алғанда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына ЖЕКЖ дәрежесі 30-дан 100 пайызға дейін белгіленеді.

21-14. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына ЖЕКЖ еңбек ету қабілетінің шектелуіне әкеп соққан ағза функцияларының бұзылу дәрежесіне қарай (2-қосымша) мынадай жағдайларда:

1) ағза функциялары еңбек ету қабілетінің шамалы білінетін тұрақты шектелуіне әкеп соғатындай тұрақты бұзылғанда 30-дан 60 пайызға дейін;

2) ағза функциялары еңбек ету қабілетінің білініп шектелуіне әкеп соғатындай тұрақты бұзылғанда 60-тан 80 пайызға дейін;

3) ағза функциялары еңбек ету қабілетінің қатты білініп шектелуіне немесе оны жоғалтуға әкеп соғып әжептәуір немесе күрт білініп тұрақты бұзылғанда 80-нен 100 (қоса санағанда) пайызға дейін белгіленеді.

21-15. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының куәландыруға уақытында өтініш жасамаған жағдайда, ЖЕКЖ оның куәландыру сәтіндегі денсаулық жағдайына қарай, өткізіп алған, бірақ 3 жылдан аспайтын уақытты есепке ала отырып белгіленеді. Бұл ретте, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі қатысушысының ЖЕКЖ белгілеу мерзіміндегі денсаулық жағдайын сипаттайтын денсаулық сақтау мекемелерінің деректері ескеріледі.

3-3. Еңбек (қызмет) міндеттерін атқарумен байланысты жарақат алған, кәсіби ауруға шалдыққан, не денсаулығына өзге де зақым келген адамдардың кәсіптік еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесін анықтау критерийлері

Ескерту: 3-3-бөліммен толықтырылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

21-16. Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарумен байланысты жарақат алған, кәсіби ауруға шалдыққан, не денсаулығына өзге де зақым келген адамдардың (бұдан әрі - зардап шегуші) кәсіптік еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі (КЕКЖ)

21-17. Н-1 нысандағы актімен расталған кәсіптік еңбек ету қабілетін жоғалту орын алғанда, еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарумен байланысты жарақат алған, кәсіби ауруға шалдыққан, не денсаулығына өзге де зақым келген адамға КЕКЖ 5-тен 100 пайызға дейін белгіленеді.

21-18. Зардап шегушіге еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкеп соққан ағза функцияларының бұзылу дәрежесі бойынша (2-қосымша) КЕКЖ төмендегідей жағдайларда белгіленеді:

1) егер зардап шегуші өзінің кәсіби қызметін біліктілігінің біркелкі немесе шамалы төмендеуімен, не атқаратын жұмысы ауқымының шамалы азайтылуымен, немесе кәсіптік қызметін орындау бұрынғыдан көп күш қажет ететін болса, кәсіптік еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі 5-тен 30 пайызға дейін белгіленеді;

2) егер зардап шегуші өндірістегі жазатайым оқиға және кәсіби ауру салдарынан өз кәсібі бойынша жұмысты әдеттегі өндірістік жағдайларда біліктілігінің айқын төмендеуімен не атқаратын жұмыс ауқымының әжептәуір азаюымен атқара алса немесе өзінің кәсіби қызметін ағза функцияларының біркелкі бұзушылықтары салдарынан жалғастыру қабілетінен айрылған, бірақ

біліктілігі едәуір төмен кәсіби қызметін әдеттегі өндірістік жағдайларда орындаған жағдайда кәсіптік еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі 30-дан 60 пайызға дейін белгіленеді;

3) егер зардап шегуші өз кәсіби қызметін ағза функцияларының айқын бұзылуымен тек арнайы жасалған жағдайларда атқара алса, еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі 60-тан 90 пайызға дейін белгіленеді;

4) егер кез келген кәсіптік қызмет түрін арнайы жағдайларда да атқаруға нақты қарсы айғақтамалары болып, зардап шегуші ағза функцияларының айқын бұзушылықтары салдарынан кәсіби еңбек ету қабілетін толық жоғалтқан жағдайда, оған кәсіптік еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі 100 пайыз болып белгіленеді.

21-19. Егер зардап шегушінің бірнеше кәсібі болса, КЕҚЖ оны атқару кезінде денсаулығына зақым келтірілген кәсіпке сәйкес белгіленеді.

21-20. Егер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарумен байланысты алған жарақат не денсаулығына келтірілген өзге де зақым зардап шегушінің бұрыннан бар ауруының ағымын нашарлатып жіберген жағдайда, КЕҚЖ ағза функциялары бұзылуының және еңбек ету қабілетінің шектелуінің білінуі дәрежесіне сәйкес келетін көлем шамасында белгіленеді.

21-21. Бір немесе әртүрлі жұмыс берушіде алған жарақат немесе денсаулығының өзге де зақымдануы салдары кезінде КЕҚЖ ағза функцияларының айқын бұзушылықтары мен еңбек ету қабілетінің шектелу дәрежесіне сәйкес келетін көлем шегінде белгіленеді.

21-22. Зардап шегуші куәландыруға уақытында келмеген кезде, КЕҚЖ куәландыру сәтіндегі оның денсаулық жағдайына қарай, өткізіп алған, бірақ 3 жылдан аспайтын уақытын есепке ала отырып белгіленеді. Бұл ретте, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының КЕҚЖ белгілеу мерзіміндегі денсаулық жағдайын сипаттайтын денсаулық сақтау мекемелерінің деректері есепке алынады.

4. Қайта куәландыру тәртібі

Ескерту: 4-бөлімнің атауы өзгертіліп, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

22. Мүгедектерді және еңбек ету қабілетін жоғалтқан адамдарды қайта куәландыру қорытындысының мерзімі аяқталысымен денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы (088/у нысаны) бойынша жүргізіледі.

22-1. Мүгедектерді және еңбек ету қабілетін жоғалтқан адамдарды, сондай-ақ, оларға мүгедектік немесе еңбек ету қабілетін жоғалту қайта куәландыру мерзімінсіз немесе жасы бойынша зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа толғанға дейін белгіленген адамдарды мерзімнен бұрын куәландыру

денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша мынадай жағдайларда:
денсаулығында өзгеріс пайда болғанда, ауруының (жарақат) себебі өзгергенде ;

куәландырылатын адамның өтініші негізінде, бірақ белгіленген мерзімнің аяқталуына екі ай қалғанда ;

аумақтық бөлімшенің қорытындысына шағым жасалғанда;
аумақтық бөлімше шешімінің дұрыстығына бақылау жүргізу кезінде;
жалған құжаттардың берілуі, сараптама қорытындысын негізсіз шығару фактілері анықталғанда жүргізіледі.

Аумақтық бөлімшенің сараптамалық шешімінің куәландыру сәтінен бастап бір ай өтпестен өзгертілген жағдайда, жаңа қорытынды мүгедектікті, еңбек ету қабілетін жоғалтуын анықтау сәтінен, ал бір ай өткен соң - қайта куәландыру сәтінен бастап белгіленеді.

5. Аумақтық бөлімшенің сараптық қорытындысына шағымдану тәртібі

23. Аумақтық бөлімшенің сараптық қорытындысына азамат немесе оның заңды өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасай алады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Е ң б е к ж әне х а л ы қ т ы

э л е у м е т т і к қ о р ғ а у

М и н и с т р і м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 0 2 ж ыл ғы 1 т а м ы з д а ғы

№ 174-ө бұйрығымен бекітілген

Мүгедектікті куәландырудың,

оның себептерін, топтарын

және еңбекке қабілетін жоғалту

дәрежесін анықтаудың ережесіне

1-қосымша

Баланы 16 жасқа дейін мүгедек ден танитын медициналық айғақтамалар

1. 6 айға, 1 немесе 2 жылға дейін мүгедектік белгіленетін функционалдық өзгерістер мен патологиялық күй:

1) операциядан кейінгі кезеңде ұзақ мерзімде қалпына келтіру және оңалту (6 айдан аса) іс-шараларын талап ететін күй;

2) бүйрек функциясының айқын білінетін тұрақты бұзылуы, бүйрек тініндегі патологиялық процесс белсенділігінің жоғарғы дәрежесі;

3) ұзақтығы 2 айдан асатын гемаррогиялық васкулит кезінде пайда болатын патологиялық жағдай (екі және одан көп синдромдардың қосарлануы);

- 4) процестің 3 айдан асатын жоғары белсенділіктегі дәнекер болатын тіннің диффуздық зақымдануынан туындаған патологиялық күйі;
- 5) баланың ұзақ терапевтикалық түзеуді талап ететін өміршеңдік көрсеткіштері бойынша (зат алмасу, иммундық, қан тамырларының зақымдануы, қан формуласының өзгеруі және т.б.) қолданылған әсері күшті препараттарды ұзақ (3 айдан аса) уақыт пайдалаудан туындаған патологиялық жағдайы;
- 6) орта дәрежедегі қант диабеті;
- 7) коагулопатия және тромбоцитопатияға байланысты жатырдан дисфункциялық қан кетуі;
- 8) тұрақты әлеуметтік дезадаптацияға соқтыратын орталық жүйке жүйесінің туа біткен немесе пайда болған резидуалдық-органикалық зақымдануы;
- 9) бас сүйегінің-миының жарақаттануынан, нейроинфекциядан кейін пайда болатын психикалық, қозғалыс, сөйлеу қабілеттерінің біркелкі айқын бұзылуы;
- 10) сөзінің, көруінің, естуінің немесе оларсыз жүріс-тұрысының біркелкі айқын білінетін бұзылуы (аяқтың, қолдың немесе бірнешеуі, шала сал болуы, плегиялары, тұрақты гиперкинездер, қозғалыс үйлесімінің бұзылуы және т.б.);
- 11) сөйлеу қабілетінің тұрақты бұзылуы (аллалия, афазияның түзеуге келмейтін түрі), дизартрия мен кекештенудің ауыр дәрежесі;
- 12) тұрақты әлеуметтік дезадаптацияға әкелетін мінез-құлқының патологиясы, эмоционалдық-жігер аясының бұзылуы;
- 13) тұрақты терапевтикалық резистенттік эпилептиформалық жағдайлар (айына 1 және одан да көп ұстамасы болатын), жиі болатын шағын және тырыспасыз болатын ұстамалар (аптасына 2-3 рет);
- 14) ұзақтығы 6 айға және одан да ұзаққа созылатын созылмалы психопатиялық жағдай;
- 15) есту, көру, сөйлеу қабілеттерінің, жүріп-тұру аппаратының, басқа органдар немесе жүйелер функцияларының айқын бұзылуымен және мінез-құлқының патологиялық түрімен қоса болатын ақыл-ой кемістігі;
- 16) 4 дәрежедегі май басу;
- 17) көбірек көретін көздің көру қабілеттілігінің (түзетуге болатын) 0,2 дейін төмендеп кетуі немесе көбірек көретін көздің көру аумағы бір нүктеден барлық бағыттарда 25 градусқа дейін тарылуы;
- 18) 3-4 дәрежедегі керенділік;
- 19) туа біткен немесе пайда болған кеңірдек, көмекей ауруларының салдарында трахеотомикалық түтікшесіз өз еркімен дем ала алмауы;
- 20) жылына 6 және одан да көп ұстама болатын және ұстама болғаннан кейін асқынуы түзеуге жататын бронхиалдық астма;
- 21) ішек-қарын жолы, бауырдың және өт шығу жолдарының дамуының кемістігі немесе кеселдері кезіндегі тамақ қорыту органдары функцияларының

айқын білінетін бұзылуы;

22) белгілі бір жасқа дейін операция жасауға болмайтын жүрек ақаулары мен ірі-қан тамырларының даму ақауларының жүрек-тамыр жұмысының 1-2 дәрежедегі кемістігі;

23) 1-2 дәрежедегі іркілген жүрек жетіспеушілігі, созылмалы айқын білінетін гипоксемия, жүрек функцияларымен байланысты, соның ішінде кардиостимулятор имплантация жасалғаннан кейінгі синкопалдық жағдай;

24) дене қозғалысының айқын шектелуіне және әлеуметтік дезадаптацияға әкелетін тері қабығының және/немесе шырышты қабықтың көлемді зақымдануы (жара болу, эритродермия, айқын қышыну, тыртық өзгерістері, папилломатоз және басқалар);

25) туа біткен немесе тұқым қуалаған қан ауруларына байланысты гемоглобиннің 100 г/л аз төмендейтін, жылына бір реттен артық болатын анемиялық криздер;

26) қатерсіз ісіктің нәтижесінде орган функцияларының айқын бұзылуы және/немесе косметикалық кемістік;

27) зәр мен үлкен дәреттің тұрақты тоқтамауы, хирургиялық түзеуге келмейтін немесе мерзімі бойынша хирургиялық емдеуге жатпайтын ішек, қуық және қуық-жыныстық терең жаралар;

28) аяқ функцияларының орташа білініп бұзылуы мен жамбас пен сан буындарының туа болған немесе кейіннен шығып кетуі;

29) ағза функцияларының орташа білініп бұзылуымен ішкі органдардың, өзге органдардың немесе жүйелердің туберкулезі.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

2. Мүгедектік 5 жылға дейінгі мерзімге белгіленетін функционалдық өзгерістер мен патологиялық жағдайлар:

1) арнаулы диета сақтауды талап ететін, туа біткен тұқым қуалаған зат алмасуының аурулары (фенилкетонурия, целиакция және басқасы) бірқалыпты тұрақтануына дейін;

2) тіршілік етудің бұзылуына және әлеуметтік дезадаптацияға әкеп соқтыратын туа біткен, тұқым қуалаған аурулар мен синдромдар;

3) өткір лейкоз, лимфогрануломатоз;

4) даму сатысы, орныққан орнына қарамастан хирургиялық және басқаша емделген қатерлі ісіктер;

5) гипертензиялық синдромды гидроцефалия, операция жасалған гидроцефалия;

б) сүйек тінінің кең тараған айқын білінетін деструкциялары (остеопороз, шеміршек қосындылары), бұлшық еттердің патологиялық өзгерістері (миофибр,

диффузды кальциноз) сүйектердің, буындардың, бұлшық еттердің қисаюына, қайталама патологиялық сынуына, аяқ-қол функцияларының 2-3 дәрежеде бұзылуына соқтыруы;

7) омыртқа мен кеуде қуысының, бір немесе бірнеше аяқ-қол буындарының тартылып бітуі мен шор болып бітуі, ірі сүйектерінің жалған буындарының 3-4 дәрежедегі қисаюы нәтижесінде жүріп-тұру аппараты функциясының бұзылуы;

8) аяқ-қолдың немесе олардың сегменттерінің туа біткен кемістігі салдарынан функцияларының айқын білінетін бұзылуы (мутиляция, тартылып бітуі, синдактилия, артропатия және басқасы);

9) туа біткен бет органдарының толық немесе ішінара аплазиясы, бет скелетінің және жұмсақ тінінің кейіннен пайда болған кемістігіне немесе қисаюына байланысты дем алу, шайнау, жұтыну, сөйлеу функцияларының айқын білінетін бұзылуы.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен.

3. 16 жасқа жеткенге дейінгі мерзімге мүгедектік белгіленетін функционалдық өзгерістер мен патологиялық жағдайлар:

1) аяқтың, қолдың бір немесе бірнеше соңғы буындарының орташа білінетін және білінетін шала сал болуы немесе терең парезі, тұрақты жайылған гиперкинез (қос атетоз, хорееатетоз), қозғалыс үйлесімінің орташа білініп және айқын білініп бұзылуы;

2) екі және одан да көп жылдар бойы болатын терапевтік резистентті тырыспалар;

3) кереңдік, керең-мылқаулық;

4) көздің көру өткірлігінің түзетумен 0,03 дейін төмендеуі немесе көру өрісінің көру өткірлігіне қарамастан 10 градусқа дейін тарылуы, бір көздің немесе екі көздің де көрмеуі;

5) туа біткен немесе жүре пайда болған орталық жүйке жүйесінің тұрақты әлеуметтік бейімсіздікке әкеп соқтыратын резидуалдық-органикалық бұзылуы;

6) имбецилдық немесе идиоттық сатыдағы ақыл-ой кемістігі;

7) жұлынның зақымдануына байланысы жамбас органдары функцияларының тұрақты бұзылуы, түзетуге жатпайтын ішек және қуық-жыныс терең жаралары;

8) демалу функциясы айқын білінетін, туа біткен және тұқым қуалаған кеңірдек-өкпе жүйесінің зақымдануы (муковисцидоз, асқынған альвеолиттер және өкпенің басқа да жайылмалы аурулары);

9) туа біткен және пайда болған созылмалы кеңірдек-өкпе ауруларының 2 және одан да жоғары дәрежесіндегі тұрақты тыныс алу кемістігі, астмалық ұстама қалыптасуына және жүрек-тамыр, орталық жүйке жүйесінің бұзылуына, бүйрек бездерінің созылмалы жетіспеушілігіне әкеп соқтыратын асқынған

гармондарға тәуелді бронхиалдық астма;

10) асқынған жүрек ауруларының 2-3 дәрежедегі іркілген жүрек кемістігі;

11) туа біткен, тұқым қуалаған, пайда болған ауруларға байланысты бауыр функциясының қайтымсыз айқын бұзылуы;

12) бүйрек функциясының созылмалы кемістігі, қатерлі гипертания, бүйректің асқынған қантсыз диабеті;

13) асқынған, емдеуге жатпайтын қатерлі ісіктер;

14) орган функциясы бұзылған жағдайда хирургиялық әдіспен емдеуге келмейтін қатерсіз ісіктер;

15) ағза функцияларының айқын бұзылуына әкеп соқтыратын маңызды органдар мен жүйелердің болмауы (туа біткен немесе пайда болған) немесе дамуы айқын жетілмеген кезде пайда болатын патологиялық жағдай;

16) аяқ-қолдың бірінің және бірнешеуінің деңгейіне қарамастан келте болуы;

17) аяқ-қолдың скелет сүйектерінің жүйелі зақымдануына және кеміс болып дамуына байланысты шор болып, тартылып бітуі, патологиялық сынуы, скелеттің қисаюы себебінен өз еркімен жүру немесе және өз өзіне қызмет көрсету мүмкіндігінің айқын кемуі;

18) ағза функцияларының бұзылуы айқын білінетін дәрежедегі ішкі секреция функциясының жетіспеушілігі: қант диабеті (басқа жүйелер мен органдардың асқинуы байқалатын инсулинге тәуелді түрі), қантсыз диабет (питуитрин-резистенттік түрі), Иценко-Кушинга ауруы (асқынған түрі), бүйрек безінің созылмалы жеткіліксіздігі (Аддисон ауруы, адреналэктомиядан кейінгі жағдай, бүйрек безінің туа біткен дисфункциясы), гипофизді нанизм, туа біткен немесе пайда болған гипотиреоз, гипопаратиреоз;

19) созылмалы лейкоз, гистиоцитоз;

20) орташа және ауыр дәрежедегі қанның туа біткен немесе пайда болған гипо-апластикалық жағдайы (гемоглобин 100 г/л төмен, тромбоциттер 1 куб.мм. 100 мыңнан төмен, лейкоциттер 1 куб.мм. 4 мыңнан төмен);

21) коагулопатия мен тромбопатияның ауыр түрлері, ауыр геморрогиялық криздарды үздіксіз қайталанып отыратын созылмалы тромбоцитопеникалық пурпура (тромбоциттер саны 1 куб.мм. 50 мың және одан да төмен);

22) туа біткен иммуннодефициттік жағдай. Ауыр аралас иммундық жетіспеушілік, агамма (гипогамма) глобулинемия, лимфа байланыстарының, өкпенің, бауырдың, басқа да органдардың бактериямен зақымдалуын тудыратын септикалық гранулематоз;

23) қан сывороткасындағы Е иммуноглобулиннің 1000 КЕД/л артық концентрациясы мен терінің, астындағы клетчаткалардың, өкпенің, бауырдың және басқа да органдардың көбінесе "салқын" абсцестерін тудыратын Е гипериммуноглобулинемия синдромы;

24) пайда болған иммунитет тапшылығы жағдайы, АҚТҚ-инфекциясының айқын көрінісі.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
Министрі міндетін атқарушының
2002 жылғы 1 тамыздағы

N 174-ө бұйрығымен бекітілген

Мүгедектікті куәландырудың,
оның себептерін, топтарын
және еңбекке қабілетін жоғалту
дәрежесін анықтаудың ережесіне
2-қосымша

Ағзаның негізгі функцияларының бұзылуын және тіршілік әрекетінің шектелуін жіктеу

1. Адам ағзасының негізгі функцияларының бұзылуын жіктеу:
1) бірінші дәреже - функциялардың шамалы білініп бұзылуы;
2) екінші дәреже - функциялардың орташа білініп бұзылуы;
3) статодинамикалық функцияларының бұзылуы;
4) қан айналымы, дем алу, ас қорыту, бөліну, зат алмасуы мен ішкі секреция энергиясы функцияларының бұзылуы.

2. Ағза функциялары бұзылуының айқын көріну дәрежесіне қарай жіктеу:

- 1) бірінші дәреже - функциялардың шамалы бұзылуы;
- 2) екінші дәреже - функциялардың орташа бұзылуы;
- 3) үшінші дәреже - функциялардың айқын бұзылуы;
- 4) төртінші дәреже - функциялардың едәуір немесе қатты айқын бұзылуы.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен.

3. Тіршілік әрекетінің негізгі санаттарын жіктеу:

1) өзіне өзі қызмет көрсету қабілеттілігі - негізгі физиологиялық қажеттіктерін өз бетімен қанағаттандыра алу, күнделікті тұрмыстық әрекет жасау және жеке гигиена дағдыларын орындай алу қабілеттілігі;

2) өз бетімен жүріп-тұруға қабілеттілігі - кеңістікте өз бетімен қозғала алу, кедергілерден өту, өзі орындайтын тұрмыстық, қоғамдық, кәсіптік қызметтер шегінде денесін тепе-тең қалпында ұстай білу қабілеттілігі;

3) оқуға қабілеттілігі - білімді қабылдап, түсіне алуға (білімділік, кәсіптік және т.б.) дағдылар мен машықтарды игеруге (әлеуметтік, мәдени және

тұрмыстық) қабілеттілігі;

4) еңбек қызметіне қабілеті (еңбек ету қабілеті) - жұмысты орындау, мазмұнына, көлеміне және шарттарына қойылатын талаптарға сәйкес іс-әрекетін жүзеге асыру қабілеттілігі;

5) бағдарлай білу қабілеттілігі - уақытты және кеңістікті бағдарлай білу қабілеттілігі,

6) қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі - ақпараттарды қабылдау, зерделеу және беру арқылы адамдар арасында қатынас орнатуға қабілеттілігі;

7) өзінің мінез-құлқын бақылауға қабілеттілігі - өзін сезіне білуге және әлеуметтік құқықтық нормаларды ескере отырып, бара-бар мінез-құлыққа қабілеттілігі.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

4. Тіршілік әрекетінің шектелуін көріну дәрежесіне қарай жіктеу:

1) өзіне өзі қызмет көрсету қабілеттілігінің шектелуі:

бірінші дәреже - қосымша құралдарды пайдалана отырып, өзіне өзі қызмет көрсету қабілеттілігі;

екінші дәреже - қосымша құралдарды пайдалана отырып және (немесе) басқа адамдардың көмегімен өзіне өзі қызмет көрсетуге қабілеттілігі;

үшінші дәреже - өзіне өзі қызмет көрсетуге қабілетсіздігі және басқа адамдарға толығынан тәуелді болу;

2) өз бетімен жүріп-тұру қабілеттілігінің шектелуі:

бірінші дәреже - тым көп уақыт жұмсап және қашықтықты қысқарту арқылы өз бетімен жүріп-тұруға қабілеттілігі;

екінші дәреже - қосымша құралдарды пайдалана отырып және (немесе) басқа адамдардың көмегімен өз бетімен жүріп-тұруға қабілеттілігі;

үшінші дәреже - өз бетімен жүріп-тұруға қабілетсіздігі және толығынан басқа адамдарға тәуелді болу;

3) оқуға қабілеттілігінің шектелуі:

бірінші дәреже - арнайы оқу процесінің күн тәртібін сақтай отырып, және (немесе) қосымша құралдарды пайдаланып, және (немесе) басқа адамдардың көмегін пайдалана отырып, жалпы үлгідегі оқу орындарында оқу қабілеттілігі;

екінші дәреже - арнайы оқу орындарында ғана немесе үйде арнайы бағдарлама бойынша оқуға қабілеттілігі;

үшінші дәреже - оқуға қабілетсіздігі;

4) еңбек қызметіне қабілетінің (еңбек ету қабілеті) шектелуі:

бірінші дәреже - біліктілігін төмендеткен немесе өндіріс қызметінің көлемін азайтқан жағдайда, еңбек қызметін орындауға қабілеттілігі, өз мамандығы бойынша жұмысты орындау мүмкіндігінің жоқтығы;

екінші дәреже - қосымша құралдарды пайдаланып, арнайы жасалған жағдайларда және (немесе) арнайы жабдықталған жұмыс орындарында және (немесе) басқа адамдардың көмегімен еңбек қызметін орындауға қабілеттілігі;

үшінші дәреже - еңбекке араласуға қабілетсіздігі;

5) айналасын бағдарлауға қабілетінің шектелуі;

бірінші дәреже - қосымша құралдарды пайдалану арқылы айналаны бағдарлауға қабілеттілігі;

екінші дәреже - өзге адамдардың көмегімен айналаны бағдарлауға қабілеттілігі;

үшінші дәреже - айналаны бағдарлау қабілетсіздігі (дезориентация);

6) қарым-қатынас жасау қабілеттілігінің шектелуі:

бірінші дәреже - ақпаратты ұғыну, қабылдау және беру жылдамдығының азаюымен, көлемінің төмендеуімен сипатталатын қарым-қатынас жасау қабілеттілігі;

екінші дәреже - қосымша құралдарды пайдаланып және (немесе) басқа адамдардың көмегімен қарым-қатынас жасау қабілеттілігі;

үшінші дәреже - қарым-қатынас жасауға қабілетсіздігі;

7) өзінің мінез-құлқын бақылау қабілеттілігінің шектелуі:

бірінші дәреже - өзінің мінез-құлқын өз бетімен бақылау қабілеттілігінің ішінара төмендеуі;

екінші дәреже - өзінің мінез-құлқын тек қана басқа адамдардың көмегімен ішінара немесе толық бақылау қабілеттілігі;

үшінші дәреже - өзінің мінез-құлқын бақылауға қабілетсіздігі.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау

Министрі міндетін атқарушының

2002 жылғы 1 тамыздағы

N 174-ө бұйрығымен бекітілген

Мүгедектікті куәландырудың,

оның себептерін, топтарын

және еңбекке қабілетін жоғалту

дәрежесін анықтаудың ережесіне

3-қосымша

Ескерту: 3-қосымша алынып тасталды- ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
Министрі міндетін атқарушының
2002 жылғы 1 тамыздағы
N 174-ө бұйрығымен бекітілген
Мүгедектікті куәландырудың,
оның себептерін, топтарын
және еңбекке қабілетін жоғалту
дәрежесін анықтаудың ережесіне
4-қосымша

Ескерту: 4-қосымша алынып тасталды- ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
Министрі міндетін атқарушының
2002 жылғы 1 тамыздағы
N 174-ө бұйрығымен бекітілген
Мүгедектікті куәландырудың,
оның себептерін, топтарын
және еңбекке қабілетін жоғалту
дәрежесін анықтаудың ережесіне
5-қосымша

Мүгедектерді жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету үшін берілетін медициналық айғақтамалардың тізбесі

1. Бөлмеде жүріп-тұратын кресло-арба:
 - 1) Созылмалы қан айналымы жетіспеушілігінің үшінші дәрежесі;
 - 2) өкпе-жүрек жетіспеушілігінің үшінші дәрежесі;
 - 3) гемиплегия, гимипарездің айқындалған түрі;
 - 4) параплегия, төменгі парапарездің айқындалған түрі;
 - 5) триплегия, трипарездің айқындалған түрі;
 - 6) тетраплегия, тетрапарездің айқындалған түрі;
 - 7) аса айқындалған атаксия, гиперкинетикалық амиостатикалық синдром;
 - 8) екі балтырдан немесе одан да жоғарырақ жерден келте болуы;
 - 9) аяқ буындары функцияларының IV дәрежедегі бұзылуы;
 - 10) аяқтардың туа біткен кемістігінен жүріп-тұрудың айқын түрде бұзылуы;
 - 11) Паркинсонизм, акинеттік-регидтік түрі.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік

қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

2. Серуендеуге арналған кресло-арба:

- 1) гимеплегия, гемипарездің айқындалған түрі;
- 2) параплегия, төменгі парепарездің айқындалған түрі;
- 3) триплегия, трипарездің айқындалған түрі;
- 4) тетраплегия, тетрапарездің айқындалған түрі;
- 5) екі балтырдан немесе одан да жоғарырақ жерден келте болуы;
- 6) аяқ буындары функцияларының IV дәрежеде бұзылуы;
- 7) аяқтардың туа біткен кемістігінен жүріп-тұрудың айқын түрде бұзылуы.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

3. Мүгедектерге арналған автокөлік;

- 1) өкпе-жүрек жетіспеушілігінің екінші дәрежесі;
- 2) бір аяқтың сал болуы немесе айқын шала сал болуы;
- 3) параплегия, аяқ парепарезінің айқындалған түрі;
- 4) гимеплегия, гемипарездің айқындалған түрі;
- 5) аяқтардың тромбо-облитерация ауруларының күре тамырларының созылмалы жетіспеушілігінің 2 және одан да жоғары дәрежесі;
- 6) аяқтардың көк тамыр ауруларының созылмалы көк тамыр жетіспеушілігінің 2-3 дәрежесі;
- 7) бір аяқтың немесе екі бірдей аяқтың кемінде екі ірі буынының қозғалмай шор болып немесе қолайсыз бітуі;
- 8) Шарп әдісі бойынша екі табанның бірдей келтелілігі (табан сүйектерінің басын кесіп тастау) және екі табанның жоғарырақ жерінен келте болуы;
- 9) аяқтың балтырдан келте болуы немесе мейілінше жоғары келте болуы;
- 10) жамбас пен сан буындарының кейіннен пайда болған шығуы;
- 11) жамбас пен санның немесе тізенің жансыз болып қалған буындары;
- 12) жамбас пен сан буынының шор болып бітуі немесе айқын көрінетін қолайсыз бітуі (қозғалу көлемі 10 градустан кем);
- 13) тізе буынының 150 градустан кем және 170 градустан артық шор болып бітуі немесе айқын көрінетін функционалды қолайсыз болып бітуі;
- 14) екі аяқтың да сирақ буындарының шор болып қатып қалуы немесе айқын көрінетін қолайсыз болып бітуі;
- 15) екі сан немесе екі балтыр сүйектерінің 170 градустан кем болып дұрыс бітпеген с ы н ы қ т а р ы ;
- 16) аяқтардың екі және одан да көп сүйектерінің созылмалы іріңдеп-қабынуы (2 жылдан астам), жарықшақтанып шіруі, терең жара болуы;
- 17) жалған буын немесе ортан жілік, балтырдың екі бірдей сүйегінің көлемді кемістігі (сүйектің көлденең немесе шет жағынан бастап жартысынан астам

- бүлінуі) немесе балтырдың жілігінің жоғарыда айтылған ақауы мен жілінішігінің 170 градустан кем болып қолайсыз бітуі;
- 18) бір аяқтың 10 сантиметрге және одан да көп кем болуы;
- 19) жарақаттанудың салдарынан ұзақ уақыт бойы жазылмайтын (6 айдан астам) немесе жиі қайталанатын балтырдағы 20 шаршы сантиметр, табанның үстіңгі жағындағы 10 шаршы сантиметр, табандағы кемінде 2 шаршы сантиметр және одан да көп көлемді трофикалық жаралар;
- 20) омыртқа сүйектерінің 4-дәрежеде қисайып функцияларының айқын бұзылуы.

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау
Министрі міндетін атқарушының
2002 жылғы 1 тамыздағы
N 174-ө бұйрығымен бекітілген
Мүгедектікті куәландырудың,
оның себептерін, топтарын
және еңбекке қабілетін жоғалту
дәрежесін анықтаудың ережесіне
6-қосымша

Қайта куәландыру мерзімі көрсетілместен үшінші топтағы мүгедектік белгіленетін анатомиялық кемістіктердің тізбесі

1. Қолдың кемістіктері мен ақаулары:

1) алақанның және қолдың жоғарырақ жерінен келте болуының мейлінше жоғары деңгейі;

2) бұлшық еттің тартылуы (буынның 10 градусқа дейін мөлшерде қозғалуы) немесе шынтақ буынының қолайсыз бітуі (кемінде 60 немесе 150 градустан астам) немесе білектің алақанға төмен қаратылып немесе жоғары қаратылып бітуі;

3) кескеннен кейін жансыз болып қалған иық және шынтақ буындары;

4) операция жасауға жатпайтын, иықтың немесе білектің екі сүйегінің жалған буындары;

5) алақанның бірінші саусақты қоспағанда төрт саусағының барлық буындарының болмауы;

6) алақанның бірінші саусақты қосқанда үш саусағының барлық буындарының болмауы;

7) алақанның бірінші саусақты қоспағанда төрт саусағының немесе бірінші саусақты қосқанда үш саусағының шор болып бітуі немесе айқын көрінетін функционалды қолайсыз (қозғалтудың 5-8 градусқа шектелуі) болып

б і т у і ;

8) алақанның бірінші және екінші саусақтарының алақан сүйектерімен қоса

б о л м а у ы ;

9) екі алақанның да бірінші саусақтарының болмауы.

2. Аяқтың кемістіктері мен ақаулары:

1) саннан немесе балтырдан келте болу;

2) Шопар буынының ақаулы келтелілігі, Пироговтің әдісі бойынша кесілген
та б а н н ы ң к е л т е л і г і ;

3) Шарп әдісі бойынша екі табанның табан сүйектерінің басын кесіп
та с т а ғ а н н а н к е л т е б о л ы п қ а л у ы ;

4) сирақ буынының шор болып немесе айқын білінетін қолайсыз бітуіне
байланысты табанның қисаюы немесе екі сирақ буындарының шор болып бітуі;

5) операция жасауға жатпайтын санның немесе балтырдың екі сүйегінің де
ж а л ғ а н б у ы н ы ;

6) кескеннен кейін жамбас пен санның жансыз болып қалған буыны;

7) жамбас пен сан буынының шор болып немесе функционалды
қолайсыз болып бітуі (170 градустан астам және 150 градустан кем);

8) жамбас пен сан буындарының туа болған немесе кейіннен пайда болған
ш ы ғ у ы ;

9) аяқтың 10 сантиметрге және одан да жоғары қысқа болуы.

3. IV дәрежедегі кифосколиоз, қабырғалардың айқын қисаюымен IV
д ә р е ж е д е г і с к о л и о з .

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

4. Алақанның немесе қолдың, аяқтың сал болуы, қолдың немесе аяқтың
трофикалық өзгерістері бар айқын көрінетін шала сал болуы.

5. Жақтың және таңдайдың кемістігі, егер протездеу шайнау мүмкіндігін
қ а м т а м а с ы з е т п е й т і н б о л с а .

6. Гипофизарлық ергежейлілік, остехондропатия, аласа бойлылықпен
ұ ш т а с қ а н о с т е х о н д р о д и с т р о ф и я .

7. IV дәрежедегі екі құлақтың да керендігі, екі жақты саңыраулық, мылқаулық

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

8. Көмекейдің болмауынан үнемі канюлемен демалу.

9. Асқазанды сылып тастау.

10. Тыныс алу жетіспеушілігі кезіндегі пульмонэктомия; тыныс алу
жетіспеушілігі кезінде 5 және одан да артық қабырға кесілетін торокопластика.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбекті және халықты

әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

11. Бір көздің көру өткірлігінің түзетумен 0,03 дейін төмендеуі, бір көздің көрмеуі немесе бір көздің болмауы.

Ескерту: 11-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө бұйрығымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК